

«QazTrade» сауда саясатын
дамыту орталығы» акционерлік
қоғамы Директорлар кеңесі
отырысының
2019 жылғы 18 желтоқсандағы
№ 10 хаттамасымен бекітілген

«QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ереже

1- тарау. Жалпы ережелер

1. «QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының ішкі аудит қызметі туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – Қызмет) мәртебесін, міндеттерін, функцияларын, Қызметтің қызметкеріне қойылатын біліктілік талаптарын, Қызметтің құқықтарын, өкілеттіктері мен жауапкершілігін, еңбекке ақы төлеу және әлеуметтік көмек көрсету, біліктілікті арттыру шарттарын, қызметті бағалауға қойылатын негізгі талаптарды және Қызметтің жұмысындағы шектеулерді, Қызметтің Директорлар кеңесімен, Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі Комитетімен және «QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) атқарушы органымен өзара іс-қимыл жасау тәртібін, сондай-ақ Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін айқындайды.

2. Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) алдын ала мақұлдағаннан кейін Директорлар кеңесі:

1) Қызметтің қызметкерін (бұдан әрі – Аудитор) тағайындайды, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

2) Аудитордың лауазымдық айлықақысының мөлшерін, еңбегіне ақы төлеу және әлеуметтік көмек көрсету жағдайларын айқындайды.

Аудитор лауазымына Қоғамның бұрынғы басшы қызметкерлері қатарынан адамдарды тағайындауға жол берілмейді.

3. Аудитормен еңбек шарты кейіннен Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес Қоғамның Бас директорының бұйрығын шығара отырып, Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жасалады.

4. Аудитордың лауазымдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі Ереженің, еңбек шартының, Қоғамның ішкі құжаттарының негізінде әзірленетін және Комитет бекітетін тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады.

5. Ішкі аудит қызметі өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Қоғам органдарының шешімдерін, осы Ережені және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

6. Бір жыл ішінде Қызмет өз жұмысын Комитет алдын ала мақұлдағаннан кейін Директорлар кеңесі бекіткен Қызметтің жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес жүзеге асырады. Қызмет, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен Комитет төрағаларының тапсырмасы бойынша жоспардан тыс тапсырмаларды орындайды.

2-тарау. Қызметтің мәртебесі

7. Қызмет Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, Корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын Қоғамның органы болып табылады.

8. Қызмет тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. Қызметтің жұмысына жетекшілік етуді Комитет жүзеге асырады.

9. Қызмет Қоғамның атқарушы органына әкімшілік бағынады. Әкімшілік бағыну мыналарды қамтиды:

1) атқарушы органның аудиторды тиісті еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуі, еңбекке уақтылы ақы төлеуі, Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің, Қоғамның Қызметінің жұмысына қатысты тиісті шешімдерінің негізінде басып шығаруы;

2) іссапарларға, демалыстарға бұйрықтарды ресімдеу, сондай-ақ осы Ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес қызмет мәртебесіне қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттер. Атқарушы орган Қызметтің тәуелсіздігі мен объективтілігіне ықпал ету үшін әкімшілік бағыныстылықты пайдаланбауға тиіс.

10. Қызмет өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау кезінде, оларды тиісінше орындау, объективті және тәуелсіз пайымдауларды қамтамасыз ету мақсатында қандай да бір адамдардың ықпалынан тәуелсіз болуға тиіс.

11. Қызмет өз жұмысында қалтқысыз және шынайы болуы керек және мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеуі керек.

12. Аудитор Аудитордың тәуелсіздігін және/немесе объективтілігінің бұзылуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты, оның ішінде мүдделер қақтығысы немесе қызметтің құқықтары мен өкілеттіктерін шектеу түрінде көрінетін кез келген жағдайлар туралы Комитетті уақтылы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

13. Аудиторға қызмет мәртебесіне, Қоғам Жарғысына және осы Ережеге сәйкес қолданылуы мүмкін емес құжаттарды қоспағанда, Қоғамның ішкі құжаттарының ережелері қолданылады.

14. Аудитор Директорлар кеңесінің және Комитеттің құрамына сайлана алмайды.

3-тарау. Қызметтің міндеттері мен функциялары

15. Қызметтің негізгі міндеттері:

- 1) ішкі бақылау жүйесін бағалау және жетілдіруге жәрдемдесу;
- 2) тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау және жетілдіруге жәрдемдесу;
- 3) корпоративтік басқару жүйесін бағалау және жетілдіруге жәрдемдесу;
- 4) бухгалтерлік есеп жүйесінің анықтығын, толықтығын, объективтілігін және қаржылық есептіліктің сенімділігін бағалау;

5) Қоғам қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін бағалау;

6) Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында консультация беру болып табылады.

16. Қызмет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды орындайды:

1) есеп саясатын және қаржылық есептілікті бағалау;

2) Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау;

3) Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау;

4) Қоғамдағы әдептілік стандарттары мен құндылықтарға сәйкес келетін корпоративтік басқарудың қабылданған қағидаттарын енгізу және жетілдіру бойынша бағалау жүргізу;

5) Қоғамдағы ақпараттық жүйелер мен ақпараттық қауіпсіздік аудиті;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасы, халықаралық келісімдер, Қоғамдағы ішкі құжаттар талаптарының сақталуын, сондай-ақ уәкілетті және қадағалау органдарының нұсқауларын, Қоғам органдарының шешімдерін орындауын тексеру және осы талаптарды сақтау мақсатында құрылған жүйелерді бағалау;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қызметтің жұмысын регламенттейтін ішкі құжаттарды әзірлеу;

8) Директорлар кеңесіне, Комитетке, атқарушы органға, Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне ішкі бақылауды ұйымдастыру және жетілдіру, тәуекелдерді басқару, Корпоративтік басқару және ішкі аудитті ұйымдастыру мәселелері бойынша (осы салалардағы ішкі құжаттар мен жобаларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда), сондай-ақ Қызметтің құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша (ішкі аудиттің тәуелсіздігі мен объективтілігі сақталған кезде) консультациялар беру;

9) Директорлар кеңесінің/Комитеттің тиісті шешімі негізінде Директорлар кеңесінің төрағасы немесе мүшелері бастамашылық жасаған Қоғамда жоспардан тыс аудиторлық тапсырмаларды жүргізу;

10) Қоғамның директорлар кеңесін, комитетін, атқарушы органын аудит/тексеру нәтижелері туралы хабардар ету, аудит/тексеру барысында анықталған анықтаулар мен кемшіліктерді жою жөнінде ұсынымдар және ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің

тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру жөнінде, Қоғам қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар беру;

11) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің жай-күйі туралы сыртқы және ішкі аудиторлардың есептерін талдау;

12) Қоғамның сыртқы Аудиторының ұсынымдарын орындауына мониторингті жүзеге асыру;

13) Қоғам қызметін жетілдіру бойынша Қызмет ұсынымдарының орындалуына мониторингті және кейіннен бақылауды жүзеге асыру;

14) Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесінің жай-күйі туралы ақпарат беруге жәрдем көрсетуді қоса алғанда, Қоғамның сыртқы аудиторымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

15) Директорлар Кеңесі жанындағы комитеттердің қызметіне қатысу;

16) өз құзыреті шегінде осы Ережеде айқындалған мақсаттарға қол жеткізуге және міндеттерді шешуге бағытталған өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Қызмет өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау процесінде белгіленген тәртіппен Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

4-тарау. Лауазымдық жалақының мөлшерін айқындау және еңбекке ақы төлеу шарттары

18. Аудитордың лауазымдық жалақысының мөлшерін Директорлар кеңесі кәсіби біліктілігін, жұмыс тәжірибесін, біліктілік талаптарына сәйкестік деңгейін, оның өз лауазымдық міндеттерін уақтылы, толық және сапалы орындауын және директорлар Кеңесі белгілеген өзге де талаптарды ескере отырып айқындайды.

Лауазымдық жалақының мөлшері Директорлар кеңесінің табысты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті біліктілігі бар Аудиторды тарту, сақтау және ынталандыру үшін жеткілікті болуға тиіс.

Аудитордың лауазымдық жалақысының мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ескеріле отырып белгіленеді.

19. Аудитордың еңбегіне ақы төлеу шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасына және Ережеге сәйкес директорлар Кеңесінің шешімімен айқындалады.

20. Жалақыны есептеу жұмыс уақытын пайдалануды есепке алу табеліне сәйкес жүргізіледі. Аудитордың нақты жұмыс істеген уақытын есепке алуды Қоғамның кадр мәселелері жөніндегі қызметкері жүзеге асырады.

21. Жалақы төлеу нақты жұмыс істеген уақыт үшін есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейінгі мерзімде жүргізіледі.

22. Аудиторға ағымдағы айдың 15-күніне дейінгі мерзімде лауазымдық жалақысының 40%-ынан аспайтын мөлшерде жалақының бір бөлігі аванспен төленуі мүмкін.

23. Аудитордың қызметтік іссапарларда болған күндері үшін, оның ішінде жолда болған уақыты үшін жалақысы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс күндері сияқты есептеледі.

24. Аудитор біліктілігін арттыру және (немесе) қайта даярлау мақсатында өндірістен қол үзіп оқуға жіберілген кезде оның жұмыс орны (лауазымы) мен жалақысы сақталады. Жалақыны есептеу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5-тарау. Әлеуметтік қолдау көрсету шарттары

25. Аудиторға, оның оң қолдауы болған жағдайда, Директорлар Кеңесі төрағасының атына жазылған өтініш негізінде Қоғамның Бас директорының бұйрығына сәйкес орташа жалақысы сақтала отырып, ұзақтығы күнтізбелік отыз күн болатын жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы беріледі.

26. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде Аудиторға Қоғам қызметкерлері үшін Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және шарттарда екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді.

Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы бөліктермен (жылына екі бөліктен аспайтын) берілген жағдайда, сауықтыруға арналған біржолғы жәрдемақы Аудиторға жұмыс істеген уақытына тепе-тең төленеді.

27. Аудитордың үстеме жұмысына, мереке және демалыс күндеріндегі, түнгі уақыттағы жұмысына ақы төлеу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

28. Әлеуметтік қолдау мақсатында Аудиторға Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен шарттарда Қоғам қызметкерлері үшін материалдық көмектің өзге де біржолғы төлемдері төленеді.

29. Аудиторға Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген кепілдіктер мен өтемақы төлемдері беріледі.

30. Қоғам үстеме жұмысы, мереке және демалыс күндеріндегі, түнгі уақыттағы жұмысы, өтемақы төлемдері үшін біржолғы материалдық көмек төлеуді Директорлар Кеңесі төрағасының атына жазылған өтініш негізінде, оған оң қолдауы болған жағдайда Қоғамның Бас директорының бұйрығымен жүзеге асырады.

6-тарау. Біліктілік талаптары

31. Қызметтегі бос лауазымға орналасуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) экономика және қаржы және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит және/немесе ақпараттық технологиялар салаларында және/немесе техникалық салада және/немесе заң саласында 5s жоғары білім;

2) аудит және/немесе бухгалтерлік есеп және/немесе қаржы, және/немесе ақпараттық технологиялар саласында және/немесе Қоғамның салалық ерекшелігіне сәйкес келетін техникалық салада және/немесе заң саласында кемінде 5 (бес) жыл жұмыс тәжірибесі;

3) ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын және ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарын білуі;

4) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын, Әдеп кодексін және стандарттарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының, оның ішінде Аудиторлық қызмет, Бухгалтерлік есеп, салық салу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерін білуі.

Сондай-ақ ішкі аудит (DipIFR және/немесе DipIFA және/немесе CISA) және/немесе есеп және қаржылық менеджмент және/немесе ақпараттық технологиялар саласында сертификаттың және/немесе біліктіліктің болуы, мемлекеттік және шет тілдерін білуі.

7-тарау. Біліктілікті арттыру

32. Аудитор жыл сайын аудиторды оқытуға, қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға бағытталған бағдарламаларға (семинарларға немесе курстарға) және ішкі аудиторларды сертификаттау бағдарламаларына қатысу арқылы кәсіби білімі мен дағдыларын міндетті түрде дамытуға тиіс.

33. Қоғам біліктілікті үздіксіз арттыру мақсатында Аудитор әзірлеген және Комитетпен келісілген бейінді тақырыптар мен бағдарламалар бойынша оқыту мен тренингтерге арналған шығындарды белгіленген тәртіппен Қоғам бюджетіне енгізуді қамтамасыз ету арқылы Аудитордың өз білімі мен дағдыларын жетілдіруге ықпал етуге тиіс.

34. Аудиторды басым тәртіппен оқыту жоспары ішкі аудитті, бухгалтерлік есепті және қаржылық есептілікті жүргізу рәсімдері мен әдістемелері, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару жүйелері, корпоративтік басқару қағидаттары және Қоғамның негізгі бизнес-процестерін жүргізу бойынша оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды қамтуға тиіс.

8-тарау. Қызметтің құқықтары мен өкілеттіктері

35. Қызметтің белгіленген тәртіппен:

1) ішкі аудитті жүргізуге байланысты сұралатын барлық құжаттамаға және кез келген басқа ақпаратқа, оның ішінде жазбаша сұрау салу бойынша коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтер мен ақпаратқа қол жеткізу;

2) есепке алу деректерінің ақпараттық базасына (бухгалтерлік есептің компьютерлік бағдарламалары және т. б.) тұрақты негізде қол жеткізу;

3) Қоғамның Жалғыз акционері, Директорлар кеңесі, атқарушы органы бекітуге шығаратын материалдарды, оның ішінде құжаттардың жобаларын жазбаша нысанда сұратуға және алуға және қоғамның осы органдарының барлық бұйрықтарын/хаттамаларын және өзге де шешімдерін алуға;

4) Қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның атқарушы органымен, өзге де ұйымдармен және оның құрылымдық бөлімшелерімен, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалармен консультациялар және сұхбат жүргізуге;

5) Қоғамның Директорлар кеңесіне, Комитетіне және атқарушы органына қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге;

6) Комитетпен келісілгеннен кейін Қоғамның Директорлар кеңесіне Қызметтің жұмыс тәртібін, аудиторға еңбекақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау жөнінде ұсыныстар енгізуге;

7) Қызметтің бағыттары бойынша Қоғамның бағдарламалары мен жобаларын дайындауға және іске асыруға қатысуға;

8) Қоғам қызметкерлерін оқытуға, қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға бағытталған бағдарламаларға, оның ішінде ішкі аудиторларды сертификаттау бағдарламаларына қатысуға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Ережесіне және ішкі құжаттарына қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

36. Қызметтің мынадай өкілеттіктері бар:

1) Қызметтің жылдық аудиторлық жоспарын жасауды қамтамасыз ету және оның орындалуын бақылау;

2) Қызметтің жұмысына қатысты құжаттарды әзірлеуді қамтамасыз ету;

3) Директорлар кеңесіне және Комитетке Қызметтің жұмысы туралы есеп беруді қамтамасыз ету;

4) Қызметтің мақсаттарына қол жеткізу үшін оның міндеттері мен функцияларының өзектілігін мерзімді бағалау;

5) Директорлар кеңесі мен Комитеттің қарауына Қызметтің тиімділігін арттыру және дамыту бағыттары бойынша ұсыныстар енгізу;

6) Қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің және/немесе Комитеттің отырысын шақыруға бастамашылық жасау;

7) Қызметтің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

9-тарау. Қызметтің Жауапкершілігі

37. Қызмет өзіне жүктелген міндеттер мен функциялардың уақтылы және сапалы орындалуына, сондай-ақ:

1) жылдық аудиторлық жоспарды әзірлеуді және оны орындауды;

- 2) бұрын берілген ұсыныстардың орындалуын қадағалау/бақылау;
- 3) Директорлар кеңесіне және Комитетке қызметтің жұмысы туралы есеп беруге жауапты болады.

10-тарау. Қызметтегі шектеулер

38. Аудитор:

1) Ережеге сәйкес Қоғамда Қызметтің жұмысымен байланысты емес функционалдық міндеттерді орындамауы;

2) Аудитордың бағалауының бейтараптығына нұқсан келтіруі мүмкін немесе осындай залал келтіруші ретінде қабылдануы мүмкін қандай да бір қызметке қатыспауы;

3) осы қызметкерлер белгіленген тәртіппен аудиторлық тапсырманы орындауға қатысуға тағайындалған жағдайларды қоспағанда, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне басшылық жасамауы;

4) құпия ақпаратты жеке мүдделеріне немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін немесе Қоғамға залал келтіруі мүмкін кез келген басқа жолмен пайдаланбауы;

5) сыйлықтар қабылдамауы және көрсетілетін қызметтерді пайдалануы нәтижесінде тәуелсіздікке, объективтілікке және бейтараптыққа нұқсан келтірілуі немесе осындай нұқсан келтіретін қызметтерді пайдаланбауы тиіс.

11-тарау. Қызметтің директорлар Кеңесімен және Комитетпен өзара іс-қимылы

39. Қызметтің Директорлар кеңесімен қарым-қатынасы Директорлар кеңесіне Қоғамды тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпарат беруге байланысты қызметтің негізгі рөлі төңірегінде құрылуға тиіс.

40. Қызмет Директорлар кеңесіне Комитетпен алдын ала келісілген қызметтің жұмысы туралы тоқсандық және жылдық есептерді мынадай мерзімдерде ұсынады:

1) тоқсандық – есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірмей;

2) жылдық – есепті жылдан кейінгі үшінші айдың 1-күнінен кешіктірмей.

41. Директорлар Кеңесі төрағасының немесе директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің сұрау салуы бойынша Аудитор алдын ала Комитетпен келісілген қызметтің жұмысы туралы ай сайынғы қысқаша есепті ұсынады.

42. Аудитор Комитетке ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен нақтылығы тұрғысынан талдауды қамтамасыз етуі тиіс.

43. Қызметтің жұмысы туралы тоқсандық және жылдық есептер мыналарды қамтуы тиіс:

1) Қызметтің аудиторлық жоспарының орындалуы туралы ақпаратты;
 2) берілген ұсынымдарды көрсете отырып (тиісті материалдарды қоса бере отырып), Қызметтің жұмыс/қызмет жоспарына сәйкес жүргізілген аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша қысқаша қорытындыларды;

3) Қызметтің есепті кезеңде жүргізген басқа да іс-шаралары (жұмысы) туралы ақпаратты (жоспардан тыс аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері, біліктілікті арттыру курстарына, тренингтерге қатысуы туралы ақпарат);

4) қойылған мақсаттарға және аудиттің қамту аясына қатысты аудиторлық қызметтің нәтижелері бойынша есепті кезеңдегі аудиторлық қызметтің нәтижелерін жинақтайтын қорытындыны (қажет болған кезде қызмет ресурстарының жеткіліктілігін көрсете отырып).

44. Директорлар кеңесі қызметтің жұмысы туралы тоқсандық және жылдық есептерді назарға алады.

45. Аудитор өзінің қызметінің мәселелері қаралатын Комитеттің отырыстарына қатысуға құқылы, сондай-ақ Комитет төрағасының шақыруымен Комитеттің отырыстарына қатысуға міндетті.

46. Аудитордың:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын белгіленген тәртіппен, оның ішінде неғұрлым құпия және маңызды тақырыптарды талқылау үшін шақыруға бастамашылық жасау талаптарына;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін хабардар ету және ақпараттық материалдардың Директорлар кеңесінің қажеттіліктеріне сәйкестік дәрежесін айқындау жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру үшін Комитет төрағасымен тұрақты кездесулерге құқығы бар.

47. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит негізінде ақпараттың анықтығы туралы Қызметтің қорытындысымен сүйемелденеді.

12 -тарау. Қызметтің Қоғамның атқарушы органымен өзара іс-қимылы

48. Қызметтің Қоғамның атқарушы органымен қарым-қатынасы Тәуелсіздік қағидаты негізінде құрылуға тиіс.

49. Қызмет Қоғам қызметінің барлық негізгі аспектілері бойынша ақпаратқа және деректерді қорыту мен талдау құралдарына ие бола отырып, Қоғамның атқарушы органына Қоғам басшылығы қабылдаған басқару шешімдерін орындау сапасы туралы ақпарат беруге тиіс.

50. Қызмет Қоғамның атқарушы органымен өзара іс-қимыл шеңберінде:

1) ақпараттандыру мақсатында Қоғамның атқарушы органына Директорлар Кеңесі бекіткен жылдық аудиторлық жоспарды ұсынады;

2) танысу мақсатында Қоғамның атқарушы органына аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша жасалған аудиторлық есепті/қорытындыны ұсынады.

51. Қоғамның атқарушы органы:

1) Қоғамда тиімді бақылау ортасын құруға ықпал етуі;

2) Қызметті әкімшілік (ұйымдастырушылық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыруға міндетті болуы тиіс.

52. Қоғамның атқарушы органының Қызметтің жұмысына араласуына жол берілмейді.

13-тарау. Қызметті бағалау

53. Қызмет өз жұмысының тиімділігін тұрақты бағалауды (ішкі және сыртқы бағалауды) қамтамасыз ете алады.

54. Қызметтің жұмысын ішкі бағалауды Директорлар кеңесі Комитеттің ұсынымдары негізінде жүргізеді.

55. Қызмет жұмысының сапасын сыртқы бағалау ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарының талаптарына сәйкес сыртқы сарапшыларды тарта отырып, кемінде бес жылда бір рет жүргізіледі.

14-тарау. Қорытынды ережелер

56. Қызметтің жұмыс құжаттамасына және басқа материалдарына тек Аудитор ғана қол жеткізе алады.

57. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Комитетпен алдын ала келісілгеннен кейін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.